

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінде Орман және аң шаруашылығы комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 14 қаңтар N 61. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.04.22. N 382 қаулысымен. ~P980382

"Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 U963168_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппаратына белгіленген сан мен қаржыландыру шегінде осы министрлікте 26 адам санымен заңды тұлға құқығында Орман және аң шаруашылығы комитеті (бұдан әрі - Орман және аң шаруашылығы комитеті) құрылсын.

2. Былай деп белгіленсін:

Орман және аң шаруашылығы комитеті орман және аң шаруашылығын, өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, осы салаларда бірыңғай саясат жүргізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару органы болып табылады;

Орман және аң шаруашылығы комитетінің жүйесінде қосымшаға сәйкес жұмыс істейтін орман және аң шаруашылығы басқармаларының құрылымы сақталады.

3. Орман және аң шаруашылығы комитетін, лауазымы бойынша сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары болып табылатын, төраға басқарады деп айқындалсын.

4. "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға арналған шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1425 қаулысымен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне белгіленген қызметтік жеңіл автомобильдер лимитінің саны Орман және аң шаруашылығы комитеті үшін бір бірлікке көбейтілсін.

5. Орман және аң шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының таратылған Орман шаруашылығы комитетінің 1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша балансында тұрған негізгі қорлар мен басқа да мүліктерді, сондай-ақ қаржылық және материалдық ресурстарды, күрделі салымдарды өз балансына қабылдап алсын.

6. "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі 1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша штатымен, қаржыландырумен және материалдық-техникалық базасымен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарауына берілсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі 1997 жылғы 1 наурызға дейін аталған ұлттық паркті қабылдап алу - өткізуді жүргізісін.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір ай мерзімде Орман және аң шаруашылығы комитеті және оның құрылымы туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп осы қаулының қабылдануына байланысты үш ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізісін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 14 қаңтардағы
N 61 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігіндегі Орман және аң шаруашылығы
комитетіне ведомстволық бағыныстағы орман
және аң шаруашылығы ұйымдарының
ТІЗБЕСІ

Орман шаруашылығы бірлестіктері (оның құрылымына кіретін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы орман және аң шаруашылығын мемлекеттік басқарудың облыстық атқарушы органдары құқығында)

"Охотзоопром" өндірістік бірлестігі (мемаңөнеркәсіпшаруашылығы желісімен)

Алматы мемлекеттік қорығы

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығы

Барсакелмес мемлекеттік қорығы

Батыс Алтай мемлекеттік қорығы

Қорғалжын мемлекеттік қорығы

Марқакөл мемлекеттік қорығы

Наурызым мемлекеттік қорығы

Үстірт мемлекеттік қорығы

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

"Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

"Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

Орман шаруашылықтары, орман - аңшылық және аңшылық

шаруашылықтары, орман - мелиорациялық станциялары, орман жеміс питомниктері, орман қорғау станциялары

"Лавар" оқу-өндірістік селекциялық кәсіпорны

Қазақ орман орналастыру кәсіпорны

Орман шаруашылығын жобалау жөніндегі Қазақ мемлекеттік жобалау-іздістіру институты

Қазақ орман шаруашылығы басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты

Қазақ республикалық ағаш тұқымы станциясы (аймақтық станциялар желісімен)

Ормандарды қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсетуші Қазақ авиация базасы

Республикалық инженерлік орман селекциялық-тұқым шаруашылығы орталығы

Алматы аймақтық инженерлік орман селекциялық-тұқым шаруашылығы орталығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК